



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Роль образовательной миграции и академической мобильности, перспективы их развития и потенциальные последствия для Китая и Казахстана сложны и разнообразны. При этом, несмотря на растущую роль этого вида миграции, он изучен весьма слабо, имеющаяся статистика не консолидирована, многие аспекты образовательной миграции еще ждут своего исследования. Способствуя наращиванию потенциала для развития, она может иметь и негативные средние- и долгосрочные последствия для национальных экономик и человеческого капитала посылающих стран. Она содержит риски безвозвратной «утечки мозгов» из посылающей страны; может стать каналом «брачной миграции», потому что студенты – это молодые люди, которые могут создать семью во время и после получения образования, а может стать каналом трансформации временной миграции (обычно студенты находятся в стране по временной учебной визе) в постоянную. Для предупреждения отрицательных последствий, современную образовательную миграцию и академическую мобильность необходимо изучать и анализировать в широком социальном контексте.

Список использованной литературы:

1. Nye, J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. New York: Public Affairs Group, 2004.
2. В мире уже 61 страна включает китайский язык в систему государственного образования, а число изучающих китайский по всему миру, достигло 100 млн человек, или в 4,3 раза больше, чем в 2004 г. В институтах в этот период трудились 100 тыс. специалистов-преподавателей, добровольцев и управленцев, которые подготовили 200 тыс. преподавателей китайского языка для более чем 100 стран. Ист.: Китай лидирует в мире по количеству обучающихся за рубежом. ИА Синьхуа, цит. по: <http://www.ifes-ras.ru/center-doc-news/1312-news-141215> 15.12.2014. (Доступ 22 декабря 2014).
3. В 126 странах и регионах мира созданы 475 институтов Конфуция, ИА Синьхуа 07.12.2014. Ист.: <http://www.ifes-ras.ru/center-doc-news/1301-news-141208> 08.12.2014. (Доступ 22 декабря 2014) 08.12.2014.
3. Казахстанские студенты участвуют в программе «Летние курсы – 2012» в Шанхае. <http://www.inform.kz/rus/article/2481859> 25.07.2012. (Доступ 22 января 2013).
4. <http://kitairu.net/rus/education/beijing/23/> (Доступ 22 декабря 2011). См. также: Уроки китайского языка. http://www.kitairu.net/rus/chinese/learn_chinese/ (Доступ 24 сентября 2008).
5. Sienkiewicz J., Sadovskaya Y., Amelina A. (2014) The Kazakh–German Social Space: Decreasing Transnational Ties and Symbolic Social Protection. (forthcoming).

ӘӨЖ 323.1(567)

ИРАҚТЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХИ ШОЛУ

Исахметова Асель Сырымбетовна

aselya9207@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

«6М20900 – Шығыстану» мамандығының 1 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент З.С. Ильясова

Ирақ Республикасы – Таяу Шығыста орналасқан араб елдерінің бірі. Сонымен қатар, Ирақты осы аймақтағы этноконфессиялық әркелкілігімен ерекшеленетін бірден-бір ел ретінде тануға толық негіз бар. Өйткені, басқа араб елдеріндегі басты мәселе діни нанымдардың келіспеуінен туса, Ирақта этникалық біртұтастықтың болмауы – ұлтаралық шиеленістердің тууына себепкер. Бұл шиеленістердің тамыры ХХ ғ. басында араб елдерінің жаппай тәуелсіздік алуы барысында өрши түсті. 1921 ж. әлемдік саяси картада Осман империясының құрамында болған Бағдат, Бассор және Мосул уиалаттарының аумағында

Ирак Корольдігі деп аталатын жаңа ел пайда болды. 1914 ж. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік аренада бұрыннан қалыптасқан жүйелер өзгеріске ұшырады. Алайда Иракқа қауіп төнген жоқ. Өйткені Ұлыбритания Месопотамияға геостратегиялық, экономикалық және мұнай потенциалына байланысты ерекше орын берген. Осылайша, Ұлыбритания жаңа елді тәуелсіздікке дайындайды да, 1932 ж. Ирак Корольдігі Ұлттар Лигасының қатарына қабылданады. Елде монархиялық билік орнап, заң шығарушы және атқарушы билік орнығады. Конституция қабылданып, индустриялық дамудың негізі қаланады. Дегенмен кемелденген ел құруға бірнеше факторлар кедергі келтірді. Солардың бірі елде этникалық біртұтастықтың жоқтығы болатын. Халықтың шамамен 80 % арабтар, 18 % күрдтер, ал қалғаны – парсылар, түріктер, армяндар, ассириялықтар, түркмендер болды. Арабтар, негізінен, орталық және оңтүстік аумақтарда шоғырланса, күрдтер, түріктер мен ассириялықтар солтүстік және солтүстік-батыс аймақта, парсылар елдің оңтүстігінде және Иранмен шекаралас аумақтарда қоныстанған. Арабтардың кейбірі тайпалық бөліністі сақтап қалған. Елде жүзден аса көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы тайпалар бар. Олардың ең ірісі – солтүстіктегі шаммар-джарба мен аназа-амарат, орталық пен оңтүстіктегі мунтефик, қяб, бени лям, дулейм, акейдат, джбур, хазаиль, убейд, бени хасан, фатла сынды тайпалар. Осындай тайпалық бөлініс күрдтерге де тән. Ең үлкен күрд тайпалары дизаи, джар, миралдали, бабан, барзан, барзинджан болып табылады [1, 89].

Ұлыбритания 1920 ж. 25 сәуірде Сан-Ремода өткен Антанта державалары Жоғарғы Кеңесінің конференциясында Иракты басқару мандатын иеленді. Сөйтіп, арабтарға Ирак территориясының біртұтастығын сақтауға сөз беріп, күрдтерді «тәуелсіз Күрдістан», ассириялықтарды «тәуелсіз Ассирия» құруға қолдау көрсететіндігіне сендірді. Соған қарамастан, 1920 ж. Ирак тұрғындары Британия үкіметіне қарсы көтеріліске шықты. Аталмыш қақтығыстар Англияның қалтасын қақты. Осы тұрғыда, ағылшындар ел ішіндегі ұлтаралық және діни алауыздықты пайдаланып, оңай жеңіске қол жеткізді. Алайда осы жағдай ағылшындар билігін мойындағысы келмеген мұсылман үмметінің бірігіп, панарабизмнің өршуіне түрткі болды. Бұған қоса, күрдтердің тәуелсіздікке деген ұмтылысы күшейді. Олардың талпыныстары I-дүниежүзілік соғыс тұсында пайда бола бастаған. Алайда күрдтердің бір қолдың астына бірігуден бас тартуы, сондай-ақ кейбір беделді күрд тайпаларының Британия үкіметіне сатылып кетуінің кесірінен тәуелсіздік сағым болып қалды. Сөйтіп, Осман империясының құрамында өз иелігі болған күрдтер бытырап, Сирия, Ирак және Түркияның қарамағына қақ бөлінді [2].

Осы кезеңде Ирактағы еврей қауымы белді саяси орынға ие болған. Олар елдің ішкі және сыртқы сауда нарығында басты басқарушы роль ойнады. Британия мандаты кезінде өз мүдделерін заңдастырып, орнығып алған. 1948 ж. кейін арабтар мен еврейлер арасындағы жағдай ушыққанда Ирактағы еврейлердің жағдайы басқа араб елдеріндегі еврейлерге қарағанда әлдеқайда қауіпсіз әрі бейбіт болды. Десе де, Израильге бағытталған еврейлердің көші толастамады.

Елде аумалы-төкпелі заман туғанда басқалармен тең құқықты бола тұра армяндар бейтарап қалды. Армяндардың 1938 ж. Ирактағы христиан ұлт ретінде тіркеуге алынуы олардың ежелден орын тепкен халық екенін көрсетеді. Бағдат қаласындағы аль-Майдан ауданында 1639 ж. бой көтерген Мариям шіркеуі де бұған даусыз дәлел бола алады. Армяндар Иракқа алғаш рет Иран арқылы 1222 ж. келген екен. Араға біраз уақыт салып, армяндар Бағдатқа да бас бұра бастады. Бірақ қазіргі армяндардың басым бөлігі XX ғ. басында Армения мен Түркияда болған армян геноциді кезінде келген. Қазір олардың саны 20 мыңнан артылады [3].

Ирактағы христиан қауымының құрайтын армяндардан өзге ассириялықтар бар. Олар Британияның тәуелсіздік туралы уәдесіне сеніп, саяси ойының құрбаны болды. Негізі оларды I-дүниежүзілік соғыс кезінде британ әскері жағына шығуға көндіріп, түріктерге қарсы қойған Лондон болатын. 1918 ж. жазында Анадолыда шоғырланған ассириялықтар Иранға қашқан. Солардың бір бөлігін ағылшындар Месопотамияға қоныс аудартқан. Өйткені жергілікті арабтар мен күрдтерге төтеп беру үшін қашқындарды пайдалануды жөн көрді.

Ассириялықтардың қатарынан тек Британия мандатына бағынышты арнайы батальондар құрылды. Оларға қаржылай көмек пен заңды иммунитет берілді. Сонымен қатар, Ирак мемлекетінің құрамына кіретін Ассирия автономиясын құру туралы мәселе қосымша қаралып жатты. Бірақ Иракты ертеден мекендеп келе жатқан арабтар, күрдтер бұған түбегейлі қарсылық танытты. Осы тұрғыда ассириялықтар Британияға арқа сүйеуге мәжбүр болды. Ал Британия, керісінше, оларды өз пайдасына жаратып алып, кейін уәдесінен бас тартты [1, 104].

Ассириялықтар қарағанда Ирактағы түркмендердің тарихы тереңде. Өйткені Иракты қоныстанған түркмендердің алғашқы толқыны VII ғ. Дешті Қыпшақтан ығыстырылған оғыз тайпасының бір бөлігі болып табылады. Кейінгі толқын Селжұқтар тұсында қоныс аударған. Олар елдің солтүстігі мен Киркук маңында шоғырланған. Ал көштің үшінші кезеңі Осман билігі тұсына сәйкес келеді. Нақтырақ айтсақ, 1534 ж. Сүлеймен патшаның жорығында елге келіп, басым бөлігі Мосул қаласында тұрақтап қалды. Осы Мосул қаласында 1923 ж. Түркия Республикасы құрылғанынан кейін түркмендер Түркия уиалатын құрып, өздерін Түркияның бір бөлігі деп жариялады. Түркмен тілін мемлекеттік тіл ретінде бекітіп, дербес ел құруды көздеді. Алайда 1925 ж. Ирак Конституциясы қабылданғаннан кейін бұл жоспар күшін жойды [4].

Ирактағы этноконфессиялық жағдайға байланысты Ирак Әлеуметтік министрлігінің 1947 ж. жүргізген санақ нәтижелері Кесте 1 көрсетілген. Онда халықтың этникалық құрылымы, ұстанатын діндері және тұрғылықты мекеніне байланысты жалпы саны мен пайыздық мөлшеріне қарай топтастырылған. Ассириялықтар мен армяндар жалпы христиандар ретінде берілген [5, 100].

Кесте 1

Ұлт	Қала тұрғындары	Қала тұрғындары (%)	Ауыл тұрғындары	Ауыл тұрғындары (%)	Барлығы	Барлығы (%)
Шиит арабтар	673,000	41.9	1,671,000	56.5	2,344,000	51.4
Сүннит арабтар	428,000	26.7	472,000	16.0	900,000	19.7
Сүннит күрдтер	176,000	10.9	662,000	22.4	840,000	18.4
Шиит парсылар	49,000	3.1	3,000	0.1	52,000	1.2
Сүннит түркмендер	39,000	2.5	11,000	0.3	50,000	1.1
Шиит түркмендер	11,000	0.7	31,000	1.1	42,000	0.9
Шиит күрдтер	14,000	0.9	16,000	0.5	30,000	0.6
Христиандар	94,000	5.9	55,000	1.8	149,000	3.1
Иудейлер	113,000	7.0	4,000	0.2	117,000	2.6
Язиддиттер	2,000	0.1	31,000	1.0	33,000	0.8
Сабииттер	5,000	0.3	2,000	0.1	7,000	0.2
Барлығы	1,604,000	100.0	2,960,000	100.0	4,564,000	100.0

Ұлтаралық қақтығыстар 1980-1988 жж. иран-ирак соғысы барысында белең алды. Бұл соғыс арабтар мен парсылардың ғана емес, сүнниттер мен шииттердің қақтығысына

айналып, діни сипат алды. Осы кезде елдегі христиандар АҚШ пен Еуропаға жаппай қоныс аудара бастады. Христиандар қатарын халдейлер, ассириялықтар, армяндар, сондай-ақ арамей тілінің түрлі диалекттерінде сөйлейтін сириялықтар құрады. Елдің кейінгі ахуалы 1997 ж. санақ нәтижелеріне сәйкес мынадай сипатқа ие болған [6]:

Кесте 2

Арабтар	Мөл шері (70)	Күрдтер	Мөл шері (16)	Түркменд ер	Мөлш ері (9 %)
Сүннит арабтар	38	Сүннит күрдтер	80	Сүннит түркмендер	28
Шиит арабтар	61	Шиит күрдтер	17	Шиит түркмендер	70
Христиан арабтар	1	Христиан күрдтер	3	Христиан түркмендер	2

Қоныс аударушылардың ағыны 2003 ж. Саддам Хусейннің режимі құлағаннан кейін де азаймады. Осының нәтижесінде, 2005 ж. Ирақ Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Конституцияның 42-бабында барлық діни қауымдарға үш кепілдік беріледі делінген. Олар – діни наным бостандығы, діни мекемелердің қауіпсіздігі және діни негіздердің мемлекет қорғауында болатыны.

Конституцияның 3-бабына сәйкес, Ирақ көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекет саналады. Онда басқа азшылық ұлттарға қатысты дискриминацияға жол бермеу туралы айтылған. Сол себепті, кез келген ұлт өкілдері өз ана тілдерінде білім алуға құқылы. Айта кетерлік тағы бір жайт, сол жылы араб тілімен қоса күрд тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне ие болып, ассирия және түркмен тілдерінің қатар жүруі заңды деп танылды. Тұрғындардың 85 % ана тілі араб тілі болса, халықтың 8 % күрд тілінде сөйлейді. Сондай-ақ, түркмен тілі үшінші кең таралған тіл саналады. Сонымен қатар арамей және армян тілдері де христиандардың арасында қолданыс тапқан. Бірақ жергілікті халық өздерінің аймақтық диалектілерінде түсініседі. Тіпті кейбір аудандарда көне еврей-ирак тілі сақталған [6].

Батыс ғалымдарының пайымдауынша, аталмыш Конституциядағы ең демократиялық негіз оның 125-бабында айқындалған көрінеді. Дәлірек айтсақ, осы бапқа сүйене отырып, Ирақ үкіметі түркмендер, ассириялықтар мен халдейлерге белгілі бір аудандарда басым санмен орналасқан жағдайда өздерінің дербес басқаруындағы территориялық жүйе құруға кепілдік беретінін мәлімдеген. Дегенмен, демократияға бағытталған осы әрекеттер, Саддам Хусейннің диктатуралық режимінің құлауы, жаңа Конституцияның қабылдануы Ирактың тыныштығы мен қауіпсіздігін жақсартып қойған жоқ. Оған 2013 ж. Таяу Шығыстың саяси сахнасына Ирақ пен Шамдағы ислам мемлекеті деп аталатын террористік топтың шығып, Сирия мен Ирактың біраз территориясын басып алуы себеп болды. 2014 ж. 29 маусымында өздерін Ислам халифаты деп жариялаған. Бұған жауап ретінде, Араб елдерінің лигасы 2014 ж. 8 қыркүйегінде аталмыш топты террористік топтардың қатарына кіргізді [8].

Ислам мемлекеті әскерлерінің қылмыстық әрекеттерінен Иракта 50 мың астам бейбіт халық жапа шекті. Оның ішінде Ирактағы барлық ұлт өкілдері бар. Сонымен қатар, ИЛИМ-нің террористік шабуылдарының салдарынан елдегі мәдени ошақтар құрдымға кетті. 2015 ж. ақпан айында олар Мосулдағы Орталық кітапхананың 10 мыңға жуық кітабын өртеп, мұражайдың құнды экспонаттарының көзін құртты. Артынша, 4 наурызда Нимруд аталатын көне ассириялық қаланың ескерткіштерін жермен жексен еткен. Осы әрекеттердің барлығы Ирақ тарихында болмаған басқа ұлттардың мәдениетіне деген құрметсіздіктің көрінісі болып отыр. Әскер қатарында арабтармен қоса күрдтердің болғанына қарамастан, қанауға барлық ұлт өкілдері ұшырауда. Ендігі елде бейбіт жағдай орнатудың бірден бір жолы – ұлтаралық бейбітшілік пен біртұтастыққа қол жеткізу [9].

Қолданылған әдебиет:

1. Баранова Е.В. Этническая структура населения Ирака в конце XIX - начале

XX вв. // Всеобщая история. Современные исследования. Вып. 12. – Брянск: БГУ, 2003. – стр. 89-115.

2. Мусорина М.Л. Формирование иракского общества в период британского мандата Лиги Наций. – Казань, 2010. – 204 б.
3. <http://www.armeniadiaspora.com/followup/population.html>
4. Ahmed Al-Hurmezi. The Human Rights Situation of the Turkmen Community in Iraq. – Middle East, 2010.
5. Khalidi R., Anderson L., Muslih M., Simon S.R. The Origins of Arab Nationalism. – N.Y., 1994.
6. Али аль-Уарди. Дираса фи табиғат аль-мужтамағ аль-Ирақи (دراسة في طبيعة المجتمع العراقي). – Бағдат: аль-Мактаба аль-хайдария (المكتبة الحيدارية), 1996. – 235 б.
7. <http://www.citypopulation.de/Iraq.html>
8. Iraq crisis: Islamists force 500,000 to flee Mosul. // BBC News, 2014.
9. Shadid Anthony. Iraqi Insurgent Group Names New Leaders. // The New York Times, 2010.

ӘОЖ 94(520)„1939/1945”

ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯНЫҢ ӘСКЕРИ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

Қалимолла Мұхтар

kalimolla.muhtar@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, «5B020900 – шығыстану» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Б.Ж. Абжаппарова

Эдо кезеңінде Бакуфу билігі 264 жыл бойы Жапонияны басқарып келді. Бұл сегундар билік басқарып, самурайлардың қоғамдағы беделі ерекше болған кез болды. Мемлекет әскери бағыттағы билігін қалыптастырып, қазіргі жапон территориясын толығымен қалыптастырды.

Бакуфу билігі Жапонияның қуатты ел екеніне сенімді болып, көрші елдермен болған сауда-экономикалық, саяси-мәдени байланыстарға назар аударған жоқ. Екі жарым ғасырдан астам уақыттан бері жапон қоғамы басқа елдерден өзгеше даму деңгейінде болғанымен, дәстүрлі шығыс елдерінің феодалдық қатыныс шеңберінен ауытқыған жоқ.

Жапония Тынық мұхитынан азия құрлығына шығатын бірінші ел. Таулы, аралдардың жан-жағын теңіздер қоршап жатады. Жер асты байлық қоры шектеулі болғанына қарамастан Эдо кезеңінде Жапонияның әскери-саяси әлеуеті Азия елдерінің ішінде едәуір жоғары деңгейде болды. Сыртқы саясатта жабық есік саясатын ұстанғандықтан, көршілес елдермен сауда байланысы аз болды. Ірі аксүйектер Даймёлер көп жердің иелері болып, Сегун әскери қолбасшы, және ел билеушісі болды. Ал самурайлар сегун және Даймёлердің қол астындағы жауынгерлер болып, қоғамдағы беделі ерекше жоғары.

Батыс елдерінің өркендеп дамуы буржуазия табының тарих сахнасына келуіне себеп болды. Жапония көрші Қытай, Корея елдерінен күріш егу, жазу, сәулет өнерін үлгі етумен қатар, жапондық үлгіге ие жаңа өркениетті елге айналған еді. Бірақ батыс елдерінің өндіріс, технологиясы шығыс елдері, оның ішінде Жапония және Қытайдан көш ілгері қуатты елге айналған еді. Ал батыстың шығыс елдерін ашудағы алғашқы жолы теңіз болды.

Эдо кезеңінде Португалия, Англия және Қытай кемелері Жапонияда сауда жасап, Батыс елдері өздерінің озық әскери кемелері және қару жарақтары арқылы жапондықтардың зәресін алды. Мылтық және зеңбіректердің Жапонияға келуі жапон қоғамын дүрліктірді. Сегун билігі Жапонияда орнықсыз күйге ұшырады.

1853 жылы АҚШ теңіз армиясы командирі Мэттью Кэлбрейт Перри бастаған әскери